



АУЫЛ

ЖАҢАЛЫҒЫ

Сельская новь



Газет 1940 жылдан шыға бастады

№ 105 (8368) Сенбі 31 қазан 2015 жыл

Байзақ аудандық газеті
Байзақская районная газета

ЕЛ ИГІЛІГІНЕ

СҮТ ӨНДЕУ ЦЕХЫ АШЫЛДЫ

С. Қалмұратов,
М.Манекеев,
«Ауыл жаңалығы».

ЖАЛПЫ БІЗДІҢ ХАЛЫҚ ҮШІН СҮТТІҢ ОРНЫ БӨЛЕК. ҚАЗАҚ ҚАШАННАН «АҚ МОЛ БОЛСЫН» ДЕП, СҮТ ӨНІМДЕРІНІҢ ҚАДІРІНЕ ЕРЕКШЕ МӘН БЕРГЕН. ЕЛІМІЗДЕ ӨНДІРІЛЕТІН АЗЫҚ-ТҮЛІК ӨНІМДЕРІНІҢ 20 ПАЙЫЗЫ СҮТ ӨНДІРІСІНІҢ ҮЛЕСІНДЕ ЕКЕНДІГІ БЕЛГІЛІ. СҮТ ӨНІМДЕРІН ПАЙДАЛАҢУ КӨЛЕМІ ЖЫЛ САЙЫН АРТЫП КЕЛЕ ЖАТҚАНДЫҒЫН ЕСКЕРСЕК, БҮЛ КӨРСЕТКІШТІ БҮДАН ӘРІ КӨБЕЙТУ ҚАЖЕТТІЛІГІ ТУЫНДАЙТЫНЫ АЙКЫН.

АЛАЙДА, МАМАҢДАР ДАСТАРҚАНЫНАН КҮРТ-ІРІМШІГІ ҮЗІЛМЕГЕН ЕЛДЕ СҮТ ИНДУСТРИЯСЫНЫҢ ТОЛЫҚ ДЕНГЕЙДЕ ІЛГЕРІЛЕЙ АЛМАЙ ОТЫРҒАНДЫҒЫНА АЛАНДАУШЫЛЫҚ БЫЛДРУДЕ. ОҒАН СЕБЕП - САУДА ОРЫНДАРЫНДАҒЫ СЫРТТАН ТАСЫЛАТЫН ӨНІМНІҢ КҮН САНАП КӨБЕЙІП БАРА ЖАТҚАНДЫҒЫ. ОЛ ҮШІН ӨЗІМІЗДІҢ СҮТ ӨНІМДЕРІ ӨНДІРІСІН АРТТЫРЫП, БӘСЕКЕГЕ КАБІЛЕТТІЛІКТІ ЖОҒАРЛАТУ КЕРЕК. ҮКІМЕТТІҢ АГРОӨНЕРКӘСІП КЕШЕНІН ДАМУЫНДА 2013-2020 ЖЫЛДАРҒА АРНАЛҒАН САЛАЛЫҚ БАҒДАРЛАМАСЫН ӨЗІРЛЕУІ ДЕ ОСЫНДАЙ МАҚСАТТАН ТУҒАН БОЛАТЫН.

Аптаның сәрсенбісі күні, аймақта егін егіп, мал шаруашылығымен айналысып, ет өңдеп,



Жергілікті шаруалардан сүт сатып алып, оны қайта өңдеп, айраннан бастап, қаймақ, сүзбе мен өзге де сүт өнімдерін шығарумен айналысатын цех Қостөбе ауылдық округіндегі Талас ауылынан ашылды. Жалпы құны 40 миллион теңгеге бағаланған цех қаржысының 30 миллион теңгесі екінші деңгейлі «Евразиялық банктен» алынса, 10 миллион теңгесі өз қаражаты есебінен. Жаңа өндіріспен шұғылдануды ниет еткен шаруа қожалық жетекшісі ауданды ғана емес, облыс өңірін де сапалы сүт өнімдерімен қамтуды көздеп отыр.

Ауыл шаруашылығының өркендеуіне



шұжық өнімдерін өндірумен үздік атанып жүрген «Ағали» шаруа қожалығының тасын өрте домалатып отырған Нәби Ағалиев жаңа сүт өңдеу цехын іске қосты. Аталмыш өндіріс орны Елбасымыздың «100 нақты қадам» Ұлт жоспарының алпысыншы қадамында айтылған «Сүт пен сүт өнімдері өндірісін дамыту үшін стратегиялық инвесторларды тарту» мақсатын орындаудағы атқарылған жұмыстардың бірі.

айтарлықтай үлес қосатын цехтың ашылу салтанатына облыс әкімінің орынбасары Абдалы Нұралиев қатысып, сөз сөйледі. Абдалы Токбергәулі өңірде бүгінгі күні ауыл шаруашылық өнімдерін қайта өңдейтін 200 кәсіпорын жұмыс істейтінін, онда 2700 адам жұмыспен қамтылғанын, ағымдағы жылғы тоғыз ай қорытындысында жеткен жетістіктер туралы сөз қозғап, байзақтықтарды осынау берекелі істің басталуымен құттықтады.

«Сүт өңдеу цехының ашылуынан өңіріміз үшін тек игілік күтеміз. Себебі, сүттің өзін ғана сатқаннан, оны өңдеп сату қай тарапқа да тиімді. Біріншіден, өнім түрі молайды, екіншіден, халық сұранысын қамтамасыз етеміз, ең бастысы, жаңа жұмыс орны ашылады, аудан бюджетіне түсетін салық та бар» деді А.Нұралиев. Өз кезегінде ауыл қариясы Мамед Сүлейменов те шаруа қожалық басшысына ізгі тілегін арнап, ақ батасын берді.

Сүт цехының ашылу рәсімі жасалып, лента қиылған соң, екінші тынысы ашылған кәсіпорын ішіне бас сұқтық. Ресей елінен жеткізілген «СельхозЛидер» компаниясының қондырғылары көз алдымызда ақ сүт өнімдерін бірінші сәтін шығарып жатыр. Күніне он тоннаға дейін сүтті өңдеуге қабілетті кәсіпорын тұрақты сүтпен қамтамасыз етілгенше тәулігіне екі тонна шикізатты өңдеп, өнім шығармақ.

«Алдағы уақытта цехтың қуаттылығын арттырумен бірге, жұмыс орнын да көптеп ашу жоспарланған. Бұл екі қолға бір күрек таба алмай, жұмыс іздеп жүрген ауыл тұрғындары үшін өте қолайлы жоба болды. Жобаның артықшылығы – серіктестіктің өз мал базасының болуында, сүтті сыырлар ұстап, сүтін өңдеудің толық циклінде және дайын сүт өнімдерін шығаруында. Бұл дегеніміз – әрине, өнімнің өзіндік құнының төмен болуы. Өзі шығарған сүтті өзі өңдеп сату өнім бағасының ретсіз көтерілуіне септігін тигізеді», – дейді аудан басшысының орынбасары Д.Сұлтанбеков.

Ағали Нәбиев, «Ағали» шаруа қожалығының басшысы:

– Сүт өзімізден шығады. Қазірдің өзінде шаруа қожалықтағы 400 бас мүйізді ірі қараның 227-і аналық бас сыыр. Қажетті мал азығы базасын салдық. Мал азығы ретінде биыл қосымша жүгері өсіріп жатырмыз. Алдағы уақытта сауылатын сиырдың санын көбейтуді жоспарлап қойдық. Өзірге өзімізде өндірілетін сүтке қосымша жергілікті тұрғындардан сүт сатып алуды көздеп отырмыз.



Ауыл тынысы

САРЫКЕМЕР АУЫЛДЫҚ ОКРУГІ

Қазақ хандығының 550 жылдығына орай №3 Байзақ колледжінде кеш өткерілді. Онда сөз сөйлеген аталмыш колледж директоры Мұхит Нысанбаев қазақ хандығының құрылу тарихы тым тереңнен басталатынын, бүгінгі бейбіт өмірге сол кездегі батыр бабаларымыздың ерлігімен қол жеткізгенімізді ауызға алды. Кеш барысында колледж студенттері әуелете ән шырады, жырлар оқыды. Әсіресе, жергілікті ақын Қ.Шотбасовтың сөзіне жазылған З.Молдабаевтың әні «Байзақ елі-байтағым» автордың орындауында өте әсерлі шықты. ЕТ-02-14 тобының қыздары «Айша бибі» тарихи би көрінісін көрсетті.

№3 Байзақ колледжінде сонымен қатар, «Колледжге жол» атты қайырымдылық кеші де ұйымдастырылды. Игі шара барысында колледждің І, ІІ курс білімгерлері өздері дайындап әкелген түрлі тағамдарын жәрмеңкеге шығарып, одан түскен қаржыға оқу ордасында білім алып жүрген әлеуметтік-тұрмыстық жағдайы төмен білім алушыларға көмек көрсетілді.

ҚЫЗЫП ЖҮЛДЫЗ АУЫЛДЫҚ ОКРУГІ

Н.Ақшабаев орта мектебінде жоғары сынып оқушыларының қатысуымен кездесу өтті. Оған арнайы шақырылған «Жан Дауа» қоғамдық бірлестігінің мүшелері, белгілі жазушы-журналист Мақұлбек Рысдәулет, ардагер-журналист Дәметкен Ахметовалар жастарға дін және оның қоғамдағы рөлі, діни экстремизм, одан сақтанудың жолдары, жат ағымның арбауына түсіп қалмау, қазақ халқының діни сенім-нанымы турасында әңгіме өрбітті. Оқушылардың сұрақтарына жауап берді.

Кездесудің соңында жазушы М.Рысдәулет ұлы ғұламалар А.Құнанбаев, Ш.Құдайбергенов, Мәшһүр Жүсіп, Ы.Алтынсариннің дін турасында айтқан ойлары құрастырылған әдебиеттерді және өзінің патриоттық тақырыпқа арналған бірнеше кітаптарын мектеп кітапханасына сыйлады. Іс-шараны мектеп директоры Қ.Бәйтен қорытындылап, арнайы ат басын бұрған азаматтарға ұжым атынан алғыс сезімін білдірді.

ТҮЙМЕКЕНТ АУЫЛДЫҚ ОКРУГІ

Ақжар ауылындағы С.Сейфуллин атындағы орта мектебінде информатика пәнінің мұғалімі Бектілеу Исмаиловтың жетекшілігімен 5-8 сынып оқушылары арасында «Біз - Ұлы дала мұрагеріміз» атты ашық тәрбие сағаты болып өтті. Қазақ тарихын насихаттау мақсатындағы сабақ барысында «Қазақ елі» атты бейнекөрініс көрсетілді. Сондай-ақ тәрбие сағатында оқушылар өздерінің өлең шумақтарын айтса, Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Тәуелсіздік тұғыры» атты маржан сөздері тыңдалды. 5-сынып жетекшісі А.Дарыбаеваның жетекшілігімен оқушылар Жәнібек хан мен Керей хандардың, ақсүйектер мен сұлтандардың кеңесі туралы көрініс көрсетті.

Ашық тәрбие сағатында директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Б.Тұлымшақова, оқу ісі жөніндегі орынбасары Л.Тлеубергенова, әдістеме ісі жөніндегі орынбасары О.Абдешовалар өз ой-пікірлерімен бөлісті.

БӘЙТЕРЕК АУЫЛДЫҚ ОКРУГІ

«Балаларға бірге көмек берейік» үндеуімен «Мектепке жол» жалпы республикалық акциясы Қосақ негізгі мектебінде үлкен қолдауға ие болды. Аталмыш шара аясында қатер тобындағы сабақтан жалтарғандар мен панасыз балаларды, тұрмысы қолайсыз отбасындағы балаларды анықтау барысында 44 рейдттік іс-шара жүргізілді. Мұғалімдерден 20, аудандық ішкі істер бөлімінің қызметкерлерінен 6, ата-аналардан 14 адам қатысқан рейд барысында мектепке бармайтын оқушының жоқ екені анықталды. Мектеп мұғалімдері мен ауыл кәсіпкерлерінің демеушілігімен 16 оқушыға 34 800 теңге көлеміндегі қаражатқа мектепке қажетті оқу құралдары, спорттық киімдер сатып алынды.

Құрметті оқырмандар!

«Ауыл жаңалығы»-ауданымыздың саяси-экономикалық, әлеуметтік-мәдени өміріндегі жаңалықтарды, ана тілімізді, мәдениетіміз бен өнерімізді келінен насихаттайтын, туған жердің мәртебесін биіктеткен ел азаматтарының өнегелі істерін ұлықтайтын, тәуелсіз еліміздің, ауыл-аймағымыздың қол жеткен табыстары мен алған асуларынан жан-жақты мағлұмат беретін басылым. Басылымға 2016 жылдың бірінші жартыжылдығына жазылу басталды.

Газетке жазылу бағасы:

Жеке (тұлғалар) жазылушылар үшін:

Бір жылға - 2698 теңге 56 тиын; алты айға - 1349 теңге 28 тиын.

Мекеме, ұйымдар (заңды тұлғалар) үшін:

Бір жылға - 3098 теңге 52 тиын; алты айға - 1549 теңге 26 тиын.

Газеттің индексі: 65000.



Басылым-2015



МАҢЫЗДЫ МӘСЕЛЕГЕ АРНАЛДЫ

«НҰР ОТАН» ПАРТИЯСЫ ӨЗІНҚҰРЫЛҒАН КҮНІНЕН БАСТАП АДАМНЫҢ, ҚОҒАМНЫҢ ЖӘНЕ МЕМЛЕКЕТТІҢ ДАМУЫНА ЖАСАЛАТЫН ЖАҒДАЙДЫ ЖАҚСARTY

МАКСАТЫМЕН ЭКОНОМИКА МЕН САЯСАТТА АУҚЫМДЫ РЕФОРМАЛАРДЫ ТҰРАҚТЫ ТҮРДЕ ЖҮЗЕГЕ АСЫРЫП КЕЛДІ. «НҰР ОТАН» ПАРТИЯСЫ - ҚОҒАМДЫ ҰЙЫСТЫРАТЫН ЖӘНЕ ЕЛБАСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК БАҒЫТЫН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУДЫ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТЕТІН БАСЫМ САЯСИ КҮШ.

СЕЙСЕНБІ КҮНІ «НҰР ОТАН» ПАРТИЯСЫ БАЙЗАҚ АУДАНДЫҚ ФИЛИАЛЫ ПАРТИЯЛЫҚ БАҚЫЛАУ КОМИССИЯСЫ МЕН СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ІС-ҚИМЫЛ ЖӨНІНДЕГІ ҚОҒАМДЫҚ КЕҢЕСТІҢ БІРЛЕСКЕН ОТЫРЫСЫ ӨТТІ. ОҒАН ПАРТИЯЛЫҚ БАҚЫЛАУ КОМИССИЯСЫНЫҢ МҮШЕЛЕРІ МЕН СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ІС-ҚИМЫЛ ЖӨНІНДЕГІ ҚОҒАМДЫҚ КЕҢЕСТІҢ МҮШЕЛЕРІ, БАҚ ӨКІЛДЕРІ ҚАТЫСТЫ.

Отырысты «Нұр Отан» партиясы аудандық филиалы жанындағы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекет жөніндегі қоғамдық кеңестің төрағасы Р.Сәрсенов ашып, күн тәртібіндегі тұрған мәселелермен таныстырды.

Алдымен Рабат Полатұлы ішкі партиялық тәртіптің сақталуы туралы және партиялық жарналарды уақытылы төлеу жөнінде қысқаша тоқтала келе, күн тәртібіндегі басты мәселе - Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың және партиялық бақылау комитеті және оның құрылымдық бөлімшелерінің жаңа үлгі-ережелерімен таныстырды.

Мұнымен қатар Рабат Полатұлы «Нұр Отан» партиясы филиалдары жанындағы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі қоғамдық кеңес туралы Ережеге және «Нұр Отан» партиясының Партиялық бақылау комитеті және оның құрылымдық бөлімшелері туралы Ережеге енген өзгерістерге жан-жақты тоқталды әрі алда тұрған міндеттерге баса назар аударды.

Өз тілшіміз.

ҰЛТ ЖОСПАРЫ: 5 РЕФОРМА 100 ҚАДАМ

Коучинг тақырыбы: “100 нақты қадам”



Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың әр жылғы Жолдаулары мемлекетіміздің алдағы дамуы мен халықтың әлеуметтік-тұрмыстық жағдайын жақсартуға бағытталғаны рас. Жолдаулардың жалғасы ретінде үстіміздегі жылдың 5 мамыры күні өткен Үкіметтің кеңейтілген отырысында Президентіміз қазақ елінің жарқын да, айқын болашағына бағытталған «100 нақты қадамын» жария етті. «100 нақты қадам» – қоғам мен мемлекетті түбегейлі қайта өзгертуге негізделген құжат.

Мұндағы Елбасы ұсынған кәсіби мемлекеттік аппарат құру, заңның үстемдігін қамтамасыз ету, индустрияландыру және экономикалық өсім бағыты, біртектілік және бірлік, есеп беретін мемлекетті қалыптастыру сынды бес институттық реформаны жүйелі жүзеге асыру шаралары Қазақстанның мемлекеттілігін нығайтуға, әрі күрделі кезеңнен сенімді өтуге жол ашады. Сондықтанда бүгінгі таңда аталмыш құжат халық арасында кеңінен талқыланып, қолдауға ие болуда.

Сәрсенбі күні, «Нұр Отан» партиясы Байзақ аудандық филиалы «Жарық тарату» бастауыш партия ұйымының төрайымы Шолпан Байтақованың мұрындық болуымен «100



нақты қадам – халықты самғауға жетелейтін баспалдақ» тақырыбымен коучинг өткізілді.

Жаңа әдіс-тәсілдер негізінде өткерілген коучингті ұстаз Роза Мырзахметова жүргізсе, оған қатысқан аталмыш партия ұйымының мүшелері өзара төрт топқа бөлініп Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың бес институттық реформасын жүзеге асыруға бағытталған 100 нақты қадамын орындау жолдары жайындағы ойларымен бөлісті. Сұрақтарға жауап берді.

Коучинг барысында оған қатысушыларға интерактивті такта арқылы құжаттың маңыздылығы жайында бейнероликтер көрсетілді.

Өз тілшіміз.

ҚҰҚЫҚ

Сот беделі - мемлекет беделі

Д. Тасыбаев,
аудандық соттың төрағасы.

Көне тарихқа жүгінсек, Керей мен Жәнібек ханнан бастап, Қасым, Тәуке, Есім хандар тұсындағы тарихы тереңнен тартылған билер соты еліміздегі бүгінгі сот билігінің бастау көзі болып табылады. Қазақ билері халыққа сот төрелігін шынайы әрі турашылдықпен жүзеге асыруда көп жағдайда әділдігімен танылған. Басқаша айтсақ, халық қызметшісі бола алды. Билер соты дауды қарағанда әдет-ғұрып жоралғыларының қағидаларын қатаң сақтап отырды.

Қазақстанның сот билігі дербес, тәуелсіз билік тармағы ретінде қалыптасу мен дамуда көптеген жетістіктерге жетті. Сот азаматтар мен ұйымдардың құқықтары мен заңды мүдделерін қамтамасыз етудің тиімді органына, Конституцияда белгіленген құқықтар мен еркіндікті шектейтін кез келген заңсыз шешімдер мен әрекеттерден қорғаудың кепіліне айнала білді.

Сот билігі Қазақстан Республикасы атынан жүргізіледі және азаматтар мен ұйымдардың құқықтары мен бостандықтарын, заңды мүдделерін қорғауда Ата Заңымыз – Конституция, басқа да заңдар мен нормативтік құқықтық актілердің орындалуын қамтамасыз етуді мақсат тұтады.

Заңның үстемдігі - нығайған мемлекеттің кепілі

БИПІКТІҢ БІР ТАРМАҒЫ САНАЛАТЫН СОТ САПАСЫНДА ЖҮРГІЗІП ЖАТҚАН РЕФОРМАЛАР ӨЗ ЖЕМІСІН БЕРУДЕ. СОНЫҢ БІРІ-БҮГІНДЕ ЖОҒАРҒЫ СОТ ҚАБЫРҒАСЫНДА ЖАҢАДАН ӨЗІРЛЕНІП ЖАТҚАН “ӘКІМШІЛІК ПРОЦЕССУАЛДЫҚ” КОДЕКС ЖӨНІНДЕ АУДАНДЫҚ СОТТЫҢ СУДЬЯСЫ АНСАБЕК НАЗАРҚҰПОВПЕН СҰХБАТТЫ ОҚЫРМАН НАЗАРЫНА ҰСЫНАМЫЗ.

- Ансабек Сатыбалдыұлы, Жаңа Кодекстің жобасын әзірлеудің мақсаты не деп ойлайсыз?

- Мемлекет басшысының республика судьяларының VI-съезінде берген тапсырмаларын орындау мақсатында Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты Әкімшілік процессуалдық Кодекстің жобасын әзірлеп, ол 2015 жылдың наурыз айында жергілікті соттарға және мүдделі мемлекеттік органдарға толықтырулар мен ұсыныстар беруге жолданып, оның презентациясы өткізілді.

Жаңа Кодекс азаматтардың конституциялық құқықтарын, заңды тұлғалардың мүдделерін сотта қорғауға бағытталған заңнаманы жаңғырту, әкімшілік істердің барлық салаларында құқық үстемдігін қамтамасыз етуді мақсат еткен.

- Жалпы аталмыш Кодекстің жобасы қандай құқықтық қатыстарды құрайды?

- Жаңа Әкімшілік процессуалдық кодекстің жобасына сәйкес, жекелеген қоғамдық институттар мен азаматтардың билік органдарымен өзара іс-қимылы заңнамалық тұрғыдан реттелетін болады. Бұл жұмыс істейтін мамандандырылған ауданаралық әкімшілік соттардың (бұдан ары қарай МАӘС) негізінде Қазақстанда әкімшілік әділет жүйесін құру міндетін іске асыруға мүмкіндік береді. МАӘС-ның қарауына арыз иелерінің құқықтары мен бостандықтарын бұзған немесе оны жүзеге асыруға кедергі келтірген, қандай да бір міндеттер заңсыз жүктелген немесе жауапкершілікке заңсыз тартқан мемлекеттік билік, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының, лауазымды тұлғалар мен мемлекеттік қызметшілердің шешімдері мен әрекеттеріне (немесе әрекетсіздігіне) шағым түсіруге қатысты қозғалған істерді қатқызға болады.

“Әкімшілік процессуалдық” Кодекс әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарауды ғана емес, атқару билік, жергілікті өзін-өзі басқару органы, олардың лауазымды тұлғасы немесе

Сот беделі негізінен судьялар беделінен құралады. Негізінен судьяның іс-әрекеттері мен міндеттері іс жүргізу кодекстерімен реттелінеді. Сот төрелігін жүзеге асыратын судья екі жақтың да деректерін жан-жақты сараптап, тексеріп, заң тұрғысынан баға беріп, шындықты анықтау үшін көп күш жұмсай отырып, тараптарды тыңдаған кезде таразы басын тең ұстап, әрбір адамның тағдырына асқан жауапкершілікпен қарай отырып, әділ шешім немесе үкім шығарса да мемлекет атынан қабылданады. Бұл судьяға асқан үлкен жауапкершілік жүгін жүктеп қана қоймай, сот беделінің артуына ықпал етеді. Жалпы, соттың беделі оның шығарған шешімдері мен үкімдерінің орындалуына тікелей байланысты.

Қазір Қазақстанда дербес сот билігі құрылды деп айтуға болады. Судьялардың қоғам қажеттілігіне сай сот төрелігін жүргізу жауапкершілігі, кәсіби деңгейі мен қызмет этикасы нормаларын сақтауы бағытында іс-шаралар атқарылып келеді.

Қорыта айтқанда, сот билігінің абыройы мен беделі мемлекеттің беделі болғандықтан, Елбасының алға қойған міндеттерін жүзеге асыру жолында бар күш-жігеріміз бен білімізді жұмсауымыз қажет деп білемін.

қызметшісі, басқа да субъект болып табылатын дауларды реттеуге бағытталған.

Бұған сайлауларға, референдумдарға қатысатын азаматтар мен қоғамдық бірлестіктердің сайлау құқықтарын қорғау туралы арыздар бойынша іс жүргізу, мемлекеттік билік, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының, лауазымды тұлғалар мен мемлекеттік қызметшілердің шешімдері мен әрекеттерін (немесе әрекетсіздігін) даулау туралы істер бойынша іс жүргізу жатады. Сонымен бірге нормативтік құқықтық актілердің заңдылығын даулау туралы істер бойынша іс жүргізу, органдардың, лауазымды тұлғалардың актілері мен әрекеттерін заңсыз деп тану туралы прокурордың өтініші де жатады.

- Әкімшілік дауларды шешу тәртібі қандай құқық нормаларынан алынған?

- Жобаға сәйкес әкімшілік дауларды сотта шешу тәртібі қазіргі күшіндегі “Азаматтық іс жүргізу” Кодексінің ережелері мен “Әкімшілік құқық бұзушылық туралы” Кодексінің іс жүргізу бөлігінен құралған.

Жалпы жаңа Әкімшілік іс жүргізу Кодексі құқықтық дауларды жария түрде шешудің қағида тұлғалардың атына тегі болып табылады. Әкімшілік іс жүргізу Кодексі қарсыластарымен өзара әрекеттестік барысындағы мемлекеттік органдардың қысым жасаушылық жолын кеседі. Негізінен қабылданып жатқан Кодекстер халық игілігіне қызмет ететін болғандықтан, оның маңызын әрдайым естен шығармаған абзал.

- Елбасының “100 нақты қадам”-Ұлт жоспарында заң үстемдігін қамтамасыз ету үшін сот жүйесін одан әрі жетілдірудің негізгі міндеттері мен басты бағыттарын айқындап берілді емес пе?

- Бүгінгі таңда судьялардың мәртебесі, соттардың тәуелсіздігі нығая түсті. Сот саласында туындап отырған барлық мәселелерді шешудің нақты қадамы ретінде Президент азаматтардың сот төрелігіне қолжетімділігін жеңілдету үшін сот жүйесін онтайландыруды ұсынды. Ендігі жерде сот төрелігін атқарудың бес сатылы жүйесінен (бірінші, апелляциялық, кассациялық, қадағалау және қайтадан қадағалау) үш сатылы (бірінші, апелляциялық, кассациялық) жүйеге көшірілуі жүзеге аспақшы.

Елбасының “100 нақты қадам”-Ұлт жоспарындағы басым бағыттарын іске асыру жолында тер төге беретін боламыз.

- Әңгімеңізге рахмет. Жұмыстарыңызға табыс тілейміз.

Сұхбаттасқан Г. Әбдіқұлова.

ПОРЯДОК РАССМОТРЕНИЯ ГРАЖДАНСКИХ ДЕЛ В УПРОЩЁННОМ ПРОИЗВОДСТВЕ

Г.Ажакаева,
судья специализированного межрайонного экономического суда области.

Институт упрощённого производства, введённый в ноябре 2014 года, заключается в установлении доступной и быстрой процедуры рассмотрения дел, эффективной реализации задач гражданского судопроизводства.

При разрешении вопроса о принятии заявления к производству суда по исковым заявлениям о взыскании денег, если цена иска не превышает для юридических лиц пятисот месячных расчётных показателей, для индивидуальных предпринимателей, физических лиц – ста месячных расчётных показателей; независимо от цены иска по исковым заявлениям, основанным на представлении истцом документов, устанавливающих денежные обязательства ответчика и (или) на документах, подтверждающих задолженность по договору,

суд выносит определение о принятии искового заявления к производству, в котором указывает на рассмотрение дела в порядке упрощённого производства. Ответчику или другим заинтересованным лицам устанавливается срок для предоставления отзыва на исковое заявление в течение пятнадцати рабочих дней.

В соответствии с частью 2 статьи 149-1 Гражданского процессуального кодекса Республики Казахстан (далее - ГПК РК) дела в порядке упрощённого производства рассматриваются судьёй единолично в месячный срок со дня принятия заявления к производству.

Особенность рассмотрения дел в порядке упрощённого производства заключается в том, что судебное заседание по делам, рассматриваемым судами в порядке упрощённого производства, не проводится, в связи с чем стороны не извещаются о времени и месте рассмотрения дела. Судья выносит решение на основании представленных

сторонами доказательств, с учётом возражений (пояснений, отзывать) сторон.

Следует отметить, что в ходе рассмотрения дела в упрощённом порядке суд может перейти к рассмотрению дела по общим правилам искового производства. Из части 2 статьи 149-2 ГПК РК следует, что суд выносит определение о рассмотрении дела по общим правилам искового производства, если в ходе рассмотрения дела в порядке упрощённого производства удовлетворено ходатайство третьего лица о вступлении в дело, принят встречный иск, который не может быть рассмотрен по правилам, установленным настоящей главой, либо если суд, в том числе по ходатайству одной из сторон, пришёл к выводу о том, что: 1) порядок упрощённого производства может привести к разглашению государственной тайны; 2) необходимо провести осмотр и исследование доказательств по месту их нахождения, назначить экспертизу или заслушать свидетельские показания; 3) заявленное требование

связано с иными требованиями, в том числе к другим лицам, или судебным актом, принятым по данному делу, могут быть нарушены права и законные интересы других лиц; 4) рассмотрение дела в порядке упрощённого производства не соответствует целям эффективного правосудия, в том числе в случае признания судом необходимым выяснить дополнительные обстоятельства или исследовать дополнительные доказательства.

Кроме того, из части 5 этой же статьи следует, что срок рассмотрения дела, начатого в порядке упрощённого, но с дальнейшим его рассмотрением по общим правилам искового производства, продлению не подлежит.

С введением данного института прогнозируется не только снижение нагрузки в работе судей, но и главное - оперативность в реализации гарантированной Конституцией Республики Казахстан судебной защиты прав, свобод и законных интересов граждан, организаций, государства.

ӘСКЕРИ МІНДЕТТІЛЕР МЕН ӘСКЕРГЕ ШАҚЫРЫЛУШЫЛАРДЫ ӘСКЕРИ ЕСЕПКЕ АЛУДЫ ЖҮРГІЗУ ҚАҒИДАЛАРЫ

Қ.Амангельды,
ХҚКО Байзақ аудандық бөлімінің
инспекторы.

Азаматтарды әскери есепке алу Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы жұмылдыру дайындығы мен жұмылдыру туралы» 1997 жылғы 16 маусымдағы, «Қазақстан Республикасының қорғанысы және Қарулы Күштері туралы» 2005 жылғы 7 қаңтардағы, «Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы» 2012 жылғы 16 ақпандағы, «Арнайы мемлекеттік органдар туралы» 2012 жылғы 13 ақпандағы заңдарына және осы Қағидаларға сәйкес ұйымдастырылады. Аталған заңдарға сәйкес Әскери міндеттілер мен әскерге шақырылушыларды әскери есепке алуды жүргізу қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 27 маусымдағы №859 қаулысы негізінде жүргізіледі.

Әскери есепке алудың негізгі міндеттері:

1) азаматтарды әскери қызметке шақыруды ұйымдасқан түрде және Қазақстан Республикасында жұмылдыру жүргізу жөніндегі іс-шараларды жүргізуді қамтамасыз ету үшін Республикадағы әскерге шақырылушылар мен әскери міндеттілердің сандық және сапалық құрамын айқындау;

2) Қарулы Күштерді жасақтауды және жұмылдыру өрістетуді қамтамасыз ету үшін әскери міндеттілер мен әскерге шақырылушылар қатарынан әскери

мамандарды даярлау және жинақтау; Жыл сайын қаңтар-наурыз аралығында тіркеуге тұратын жылы 17 жасқа толатын Қазақстан Республикасының азаматтары әскерге шақыру учаскелеріне тіркеледі.

Тіркеуді тиісті жергілікті атқарушы органдар ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ЖӘБО-мен бірлесіп, азаматтарды әскери есепке қою, олардың санын, әскери қызметке жарамдылық дәрежесін айқындау, білім деңгейін, алған мамандығы мен дене дайындығы деңгейін белгілеу мақсатында ұйымдастырады және жүргізеді.

Азаматтарды әскерге шақыру учаскелеріне тіркеу туралы деректер негізінде ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ЖӘБО әскерге шақыру ресурстарын Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің әскер түрлері мен тектері, басқа да әскерлері мен әскери құралымдары бойынша алдын ала бөледі. Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің арнайы ұйымдарында әскери-техникалық және басқа да мамандықтар бойынша оқыту үшін кандидаттарды алдын ала іріктеуді жүргізеді және әскери оқу орындарына түсуге ниет білдіретін адамдарды анықтайды.

Қазақстан Республикасының азаматтарын әскерге шақыру учаскелеріне тіркеуді олардың тұрғылықты жері бойынша ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ЖӘБО жүргізеді.

Әрбір әскерге шақырылушының жеке ісіне:

- 1) әскерге шақырылушының есепке алу картасы;
- 2) тууы туралы куәлігінің көшірмесі;
- 3) неке туралы куәліктің көшірмесі;
- 4) балаларының тууы туралы куәліктің көшірмесі;
- 5) білімі туралы құжаттың көшірмесі;
- 6) жұмыс немесе оқу орнынан анықтама;
- 7) жұмыс немесе оқу орнынан мінзедме;
- 8) отбасы құрамы туралы анықтама;
- 9) әскерге шақырылушының зерделеу парағы;
- 10) ата-аналарымен әңгімелесу парағы;
- 11) кеуде қуысы мүшелерін рентгенологиялық зерттеу нәтижелері;
- 12) денсаулық жағдайы туралы құжаттар;
- 13) ішкі істер органдарынан, анықтау және алдын ала тергеу органдарынан анықтамалар;
- 14) сот органдарынан қылмыстық жауапкершілікке тартылуы туралы хабарламалар;
- 15) азаматтық хал актілерін жазу ұйымдарынан (бұдан әрі – АХАЖ органдары) тегін, атын, әкесінің атын ауыстырғаны, туған күні мен жері туралы өзгерістер туралы, қайтыс болуы туралы хабарламалар тігіледі.

«Әкімшілік құқық бұзушылық» Кодексі

А. Исабаева,
сот актілерін орындау бойынша
Байзақ аудандық аумақтық бөлімінің
іс жүргізушісі.

Аталмыш Кодекс 920-баптан тұрады. Онда қолданыстағы әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодекстің уақыт сынынан өткен негізгі ережелері мен Жалпы, Ерекше және Рәсімдік бөлімдер деп бөлінген құрылымы сақталған. Жаңа редакциядағы Кодекс мынадай негізгі бағыттарды іске асыру туралы әкімшілік заңнаманы реформалауға бағытталған.

Кодексте шағын бизнеске қолдау көрсетуді көздейтін ізгілендіру атты бөлімінде шағын кәсіпкерлік субъектілері үшін айыппұлдар мөлшерді орта есеппен екі есе азайтылды. Сондай-ақ әкімшілік жаза көзделген баптар уәкілетті мемлекеттік органдардың қарауына беру жолымен соттардың жұмысы жеңілдетіліп отыр.

Әкімшілік жауаптылыққа тарту рәсімін жаңарту бөлімінде әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша қысқартылған іс жүргізу, егер адам әкімшілік құқық бұзушылық жасалған жерде хаттамамен бірге түбіртек бойынша айыппұл төлеу жүргізген жағдайларда қысқартылған іс жүргізу енгізіледі. Яғни адам жасалған құқық бұзушылық фактісімен келіседі, өз кінәсін мойындайды және өз еркімен төлеуге дайын болғандықтан ешқандай наразылығы болмайды.

Бұл ретте қысқартылған тәртіп үшін адамға хаттаманы тапсырған кезден бастап, жеті күндік мерзімде айыппұлдың жалпы соммасынан 50 пайызын төлеуге мүмкіндік беру ретінде үйлестіруші тетік көзделген. Адам жасалған құқық бұзушылық фактісімен келіспеген жағдайда, іс жалпы тәртіппен қаралады.

Сыбайлас жемқорлыққа бейім фактілерді жою мақсатында, сондай-ақ қысқартылған іс жүргізуді қамтамасыз ету үшін айыппұлдың нақты айқындалған мөлшері көзделген. Өндіріп алудың қалған барлық түрлері айқындалған.

Судьяға, органға (лауазымды адамға) жеңілдететін мән-жайларды белгілеу кезінде жеке тұлғаға салынатын әкімшілік айыппұл сомасы жалпы соманың 30 пайызына дейін қысқартуға мүмкіндік беретін норманы енгізу аса елеулі жаңалықтардың бірі болып табылады.

Жаңа редакциядағы Кодекс 2015 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгені баршамызға аян.

ДӨҢГЕЛЕК ҮСТЕЛДЕ ЕРКІН ПІКІР АЛМАСТЫ

М.Манекеев,
«Ауыл жаңалығы».

Заман талабы мектеп жасындағы балалардың арасында құқық бұзушылық пен зиянды заттардың алдын алу жұмысының белсенді, тиімді жолдарын таңдауды міндеттейді. Өйткені, бүгінгі таңда жасөспірімдердің арасында өз уақыттарын тиімді пайдалана білмеуі, ата-ананың баласына



тәрбие беруде жеткілікті уақыт болмеуі, жағымсыз ортаның кері әсерін тигізіп, жастар мен жасөспірімдер арасында түрлі келеңсіз іс-әрекеттерді көбеюіне әкеліп соқтыруда.

Жуырда, осындай бағытпен аудан әкімдігінің дене шынықтыру және спорт бөлімінде аудандық ішкі істер бөлімінде тіркеуде тұрған балаларды дене шынықтыру мен спортқа жүйелі түрде қатысуға тарту мақсатында елімізге белгілі спортшылармен кездесу ұйымдастырылды. Облыс әкімдігінің дене шынықтыру және спорт басқармасы мен аудан әкімдігінің ұйытқы болуымен дөңгелек



үстел негізінде өткен еркін пікір алмасуға Қазақстанның белгілі спортшылары, армрестлингтен төрт дүркін әлем чемпионы В.Трубин, самбо күресінен әлем чемпионы А.Мұсабеков, боксшы, «Астана-Арланс» бекс клубының мүшесі А.Шымбергенов, боксшы, спорт шебері Б.Жарымбетов, мектеп директорларының тәрбие және құқықтық тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары, спорт саласының мамандары мен аудандық ішкі істер бөлімінде есепте тұрған балалар қатысты.

Жамбыл облысы әкімдігі дене шынықтыру және спорт басқармасының бөлім басшысы Н.Ізімбетовтың төрағалығымен өткізілген дөңгелек үстелде оған қатысушы спорт майталмандары өз өміржолдарынан сыр шертіп, оқушылардың қойған сұрақтарына нақты жауаптар қайтарды. Салауатты өмір салтын ұстанып, спортпен шұғылдануға шақырды.

ТҰРҒЫНДАР НАЗАРЫНА!

Қазақстан Республикасы Әділет Министрлігінің 2015 жылдың 17 наурыздағы №156 бұйрығымен Жамбыл облысы (аудандары) бойынша жеке сот орындаушыларының штаттық бірлік саны бекітілді.

1. Тараз қаласы бойынша -31 бірлік;
2. Байзақ ауданы бойынша -8 бірлік;
3. Жамбыл ауданы бойынша -7 бірлік;
4. Жуалы ауданы бойынша -4 бірлік;
5. Қордай ауданы бойынша -12 бірлік;
6. Меркі ауданы бойынша -7 бірлік;
7. Мойынқұм ауданы бойынша -3 бірлік;

8. Сарысу ауданы бойынша -4 бірлік;
9. Талас ауданы бойынша -5 бірлік;
10. Т.Рысқұлов ауданы бойынша -6 бірлік;
11. Шу ауданы бойынша -9 бірлік;

Жамбыл облысы бойынша барлығы -95 бірлік.

Үміткерлерге арналған талаптар: Қазақстан Республикасының азаматтығы, жиырма бес жасқа жетуі, жоғары заңгер білімінің болуы, жеке сот орындаушысы қызметімен айналысу құқығына лицензия алуы.

Үміткерлер ұсыныатын құжаттардың тізбесі:

1. Нысан бойынша үміткерлердің өтініші.
- Комиссияға ұсынғанға дейін бір айдан кем болмайтын мерзімде наркологиялық және психиатриялық

медициналық анықтамалар өтінішке қоса беріледі.

Сонымен қатар, үміткердің біліміне, жұмыс тәжірибесіне, кәсіби деңгейі мен беделіне қатысты қосымша ақпарат (біліктілігін арттыру, ғылыми дәрежелер мен атақтар беру туралы құжаттардың көшірмелері, мінзедмелер, ұсынымдар, ғылыми жарияланымдар және тағы басқалар) ұсынылуы мүмкін.

Барлық туындаған сұрақтар бойынша Тараз қаласы, Төле би көшесі 53 «а» мекен-жайына немесе 56-99-68 телефонына хабарласуларыңызға болады.

Жамбыл облысы Әділет департаменті жеке сот орындаушыларының қызметін ұйымдастыру бөлімі.

«Гордость медицины-2015»

Преемники традиций великого Гиппократы

Недавно из Астаны вернулась руководитель ТОО «Шипагер» Гульнара Сейтовна Сейдалиева. Возглавляемое ею товарищество стало золотым призёром по итогам ранжирования результатов финансово-экономического рейтинга предприятий здравоохранения Республики Казахстан «Гордость медицины-2015». Конкурс был организован Национальным бизнес-центром РК и был посвящён Международному дню врача.

В нём приняли участие около 50 представителей бизнес структур здравоохранения, в котором ТОО «Шипагер» заняло призовое место по всем номинациям.

В нашем районе существует 4 бизнес структуры, оказывающие стоматологические услуги населению. Из них по финансово-экономическим показателям лучшим было признано ТОО «Шипагер», которое было презентовано для участия в республиканском конкурсе.

Первую частную стоматологическую клинику в нашем районе открыл покойный Борангазы Алпысбаевич Джаманкулов ещё в 2000 году, дав ему название «Шипагер». Затем после него товарищество возглавила его супруга, которая являлась бухгалтером. Тогда у них работало 3 врача-стоматолога. В 2007 году дело отца продолжил сын Ельнар Борангазиевич, который к тому времени окончил Чимкентскую медицинскую академию.

В настоящее время это солидная клиника, завоевавшая доверие у земляков, благодаря чему большинство населения обслуживается в районе и редко посещает клиники города Тараз, как это было прежде. Клиника оказывает такие виды услуг как: протезирование, лечение, удаление зубов взрослых и детей.

Коллектив насчитывает 15 человек, 5 из них –врачи- стоматологи. Это квалифицированные специалисты, мастерски владеющие техникой. Стоматологическая клиника и прежде удостоивалась различных наград на районном, областном уровне.

И вот радостная весть из Астаны: товарищество выиграло призовое место по всем номинациям. Ему, занявшему высокие позиции в рейтинге, вручена наственная медаль «Великое наследие Гиппократы», с предоставлением



официального Национального сертификата «Гордость медицины-2015».

Руководитель товарищества Г.Сейдалиева была удостоена ордена «За заслуги в медицинской сфере», в качестве свидетельства о признании значительного личного вклада в развитие и достижение предприятием звания «Гордость медицины-2015». Наградной именной медалью «Чуткое сердце» за профессиональные качества и самоотверженность в выполнении поставленных задач и добросовестный труд был награждён учредитель ТОО, врач-стоматолог Е.Джаманкулов.

Национальными сертификатами «Специалист года» за самоотверженный и добросовестный труд, профессионализм и значительный вклад в развитие предприятия и преданность своему делу награждены работники ТОО «Шипагер» бухгалтер А.Мусаева, стоматолог Н.Бейсенкулова, Б.Толесулиев.

Всё это свидетельствует об исключительных результатах их работы, о том, что предприятие прошло через все этапы к всеобщему признанию. Как сказал в заключение на церемонии вручения наград Президент Международного рейтингового Союза Национального бизнес-центра РК В.Гижикский: «Вы лидеры медицины, ежедневно вносящие вклад в сферу здравоохранения. Вы хранители традиций, лучшие из лучших, которые с уверенностью подчеркивают главные достоинства современного врача - преемника традиций великого Гиппократы...».

Наш корр.

«МЕН ЖӘНЕ МЕНІҢ ПОЛИЦЕЙІМ» АКЦИЯСЫ ӨТТІ

Қ.Асанбаев,
Байзақ ауданы ішкі істер бөлімі әкімшілік полиция бөлімі ЮПТ тобының аға инспекторы, полиция майоры.

27-29 қазан аралығында ауданның тәртіп сақшылары халық пен полиция арасындағы қарым-қатынасты нығайту үшін «Мен және менің полицейім» республикалық акциясын өткізді. Аудандық әкімдіктің, прокуратура, әділет басқармасы, білім бөлімі және «Нұр Отан» партиясы аудандық филиалы «Жас Отан» жастар қанаты филиалы өкілдерінің қатысуымен өткен іс-шараның негізгі мақсаты – балаларды және балалар арқылы ересектерді полиция қызметкерлерінің жолдарда, қоғамдық орындарда қоғамдық тәртіпті сақтап, құқық бұзушылық пен қылмыстық оқиғалардың алдын алуғағы жұмыстардың кейбір негізгі ережелерімен таныстыру болып табылады.



Кең көлемді акция барысында аудан аумағында орналасқан Сарыкемер, Қазақстанның 40 жылдығы орта мектептерінде болып, аудандық ПБ-нің жол патрульдік полициясы мен кәмететке толмағандар істері жөніндегі учаскелік полиция инспекторының және акцияға қатысушы орган өкілдерімен бірлескен кездесулер өткізілді. Онда мектеп жасындағы (1-4 сынып) оқушылары мен мектепке дейінгі мекемелердің жоғарғы тобының тәрбиеленушілері арасында дәрістер, әңгімелер және «Полицей - дос және қорғаушы» тақырыбында ойындар өткізілді. Полицейлер балаларға қоғамдық орындар мен жолдардағы және бейтаныс адамдармен сөйлесу кезіндегі тәртіп ережелерін әңгімеледі. Сондай-ақ, оқушылар полиция мамандығымен, құқық қорғау қызметінің техникалық жабықталуымен және негізгі мақсаттарымен танысты.

Кездесуге білім беретін оқу мекемелерінің даярлық сыныбында білім алушы оқушылар және 1-10 сынып оқушылары қатыстырылып, кәмететке толмағандар арасында құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында 28 түрлі дәрістер, 32 профилактикалық тақырыптағы әңгімелер және қоғамдық орындарда кәмететке толмағандар өздері танымайтын адамдарға жолығып қалған кезде өздерін қалай ұстауын, ересек адамдармен қарым - қатынас жасаған кезде орын алған түрлі оқиғаларды мысал ретінде келтіріп, таныстырудың 6 түрі ұйымдастырылып, барлық өткен іс-шараларға аудан мектептерінен 5615 оқушы қатысты.

